ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ

(2024-2025 оқу жылы)

___11___сынып __II__тур

ЖАУАПТАРЫ

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті (10 ұпай)	а) «Өртеңді өріс, суы тұнық көлге кеп, Ауыл қонып, үй тігісіп жайласар...». Өлеңнің аты және авторын анықтаңыз. **Жауабы:** *«Жайлауға көшу», Сәкен Сейфуллин, ҚГБ.* ә) «Мен ұлыңмын! Буырқанып бойда ағын, талай мәрте бақытыңды тойладым». Өлеңнің аты және авторын анықтаңыз. **Жауабы:** *«Дала, сенің ұлыңмын» поэмасы, Жарасқан Әбдірәшев, ЖМБ.* б) «Тайғақта» тарауындағы Дәркембай мен Құнанбай арасындағы даудың мәнісіне және Абай шешіміне тоқталыңыз. **Жауабы:** *Қодар құны, Қарашоқыдағы жерден Дәрменнің үлесі жайлы айтылады. Абай дауды тоқтатып, «Мен қарыздармын әкем үшін» дейді де, Дәрменге жүз сом береді.*
2.	Қазақ әдебиеті (10 ұпай)	Аллегория, метонимия, фабула, неоромантизм, литота анықтамаларын жазыңыз. **Жауабы:** **Аллегория** (көне грек. *allegoria* - пернелеп, тұспалдап айту) – оқырманның санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. Әдебиетте, өнерде дерексіз ұғымды деректі образдар арқылы көрсету. **2 ұпай** **Метонимия** (грек. *metonymia* - ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. **2 ұпай** **Фабула** (лат. *fabula*) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау. **2 ұпай** **Неоромантизм** – қоршаған ортаны, шынайы өмірді жоққа шығару басым болып келетін көркемдік әдіс. **2 ұпай**

		Литота (грек. *litotez* - қарапайым, қораш) – әдебиеттегі белгілі бір нәрсені шамадан тыс кішірейте, құлдырата суреттеу тәсілі. Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. **2 ұпай**
3.	Қазақ тілі (10 ұпай)	**Қазақ диаспорасы** Қазақ диаспорасы – Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қазақ диаспорасы сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүние жүзіне тараған. Қазақстанмен іргелес шет жұртта қалың шоғыр күйінде қалған және шалғай аймақтарда шашырап жүрген Қазақ диаспорасының жалпы саны 5,4 миллион деп есептеледі (1997). Қазақ диаспорасының атажұрттан ығысып, сыртқа ауа бастаған тарихи ұзақ ағыны «Ақтабан шұбырынды» кезіндегі жаугершілік-шапқыншылықтан басталды. 1723 жылы солтүстік шығыстан баса-көктеп кірген жоңғар шапқыншылығынан шегінген бейбіт көшпенді шұбырындылар оңтүстік батысқа қарай ауып, қазіргі Орта Азия жеріне тереңдей енуге мәжбүр болды. Шапқыншылықтан қатты күйзелген қазақтың шашырап және өзара араласып кеткен ру-тайпалары Ташкент маңында жасанды құрамалар түрінде қайта құрылып, сол аймақтарда қалып қойған. Қазақтардың әрі қарай кең жайылуына отаршылдық тікелей әсер етті. Алдымен, Еділ мен Жайықтың жағасынан, кейін Есіл мен Тобылдың бойынан және Ертіс өңірінен зорлықпен қуылып, сарытабан сүргін болған көшпенді қазақ тайпалары солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай жөңкіле көшкен. Отаршылдық тудырған үркіншілік кезеңі шамамен 1650 жылдан 1916 жылға дейін жалғасып келді. Қытай мен Моңғолияға қарай қазақ жұртының үркіншілігі, әсіресе, азамат соғысы жылдары кең өріс алды. 1916-1921 жырдары алты жылға созылған ұлт-азаттық көтерілісі мен азамат соғысы жылдарында ата мекенінен 200 мың адам көшіп кеткен. Ал кеңестік дәуірдегі әміршілдіктен туған асыра сілтеу жылдары (1930 – 1934) 1,9 миллион қазақ шет жұртқа үдере көшті. Ирандағы қазақтар қазіргі Маңғыстаудан ауып келсе, Моңғолиядағы қазақтардың соңғы көші Сібірге барып паналағандар. Қазақстанның солтүстігінде қызылтабан болған қазақ жұрты екінші рет бас сауғалап Қытайға бет алған. Қызыл қырғыннан қашқан қазақтардың ұрпақтары, сондай-ақ Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Иран мен Ауғанстанға ауып барған. Қазақстанда “Халықтың көші-қон туралы заңы” (1999) қабылданып, шет аймақтардағы қандастарымыздың атажұртына – тарихи Отанына көшіп келу үрдісін реттеу ісі қолға алынды. 1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз. Халықтың туған жерінен көшуіне не себеп болды? **Жауабы:** Тарихи жағдайлар: Ақтабан шұбырынды, жаугершілік, отаршылдық, ұлт-азаттық көтеріліс, азамат соғысы т.б. себеп болды. 2. Мәтіннің стилін анықтаңыз. Стиліне тән жанрлық ерекшеліктерді айтыңыз. Сұрақтың екінші бөлігіне өз сөзіңізбен жазыңыз. **Жауабы**: публицистикалық стиль, ғылыми стильдің элементтері бар. 3. Мәтінде кездесетін мына сөздердің түсіндірмесін беріңіз: диаспора, қандас, ата жұрт.

		Жауабы: **Диаспора** (гр. διασπορά - шашыраңқы) – әлеуметтік ғылымдарда ұлттық ата-жұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін халықтың бір бөлігі. **Қандас** (репатриант) – жаппай саяси қуғын-сүргін актілері, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары. **Атажұрт** – этникалық ұжымның (ру, тайпа, тайпалық одақ, елдің) байырғы ата-бабадан ұрпақтарына мирас болып қалған ежелден өсіп-өнген, өрбіген, ел болып қалыптасқан тарихи мекені.
4.	Қазақ тілі (10 ұпай)	1. Берілген сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз (әріп және дыбыс саны, дыбыстар жіктемесі, буын түрлері). *Рухани, жаяу, достар, келешек, қамыс, түю, Үргеніш.* **Рухани** *3 буын: ру - ашық буын, ха - ашық буын, ни(ый) - бітеу буын.* р – дауыссыз, үнді у- дауыссыз, үнді. х - дауыссыз, қатаң а – дауысты, жуан, ашық, езулік н – дауыссыз, үнді *(и (ы+й) қосарлы дыбыс)* ы – дауысты, жуан, қысаң, езулік й – дауыссыз, үнді 6 әріп, 7 дыбыс **Жаяу** *2 буын: жа - ашық буын, йау - бітеу буын* ж – дауыссыз, ұяң а – дауысты, жуан, ашық, езулік *(я (й+а) қосарлы дыбыс)* й – дауыссыз, үнді а – дауысты, жуан, ашық, езулік у- дауыссыз, үнді. 4 әріп, 5 дыбыс **Достар** *2 буын: дос - бітеу буын, тар - бітеу буын.* д – дауыссыз, ұяң о – дауысты, жуан, ашық, еріндік с – дауыссыз, қатаң т – дауыссыз, қатаң а – дауысты, жуан, ашық, езулік р – дауыссыз, үнді 6 әріп, 6 дыбыс **Келешек** *3 буын: ке - ашық буын, ле - ашық буын, шек - бітеу буын.* к – дауыссыз, қатаң

		е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік л – дауыссыз, үнді е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік ш – дауыссыз, қатаң е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік к – дауыссыз, қатаң 7 әріп, 7 дыбыс **Қамыс** *2 буын: қа - ашық буын, мыс - бітеу буын.* қ - дауыссыз, қатаң а – дауысты, жуан, ашық, езулік м – дауыссыз, үнді ы – дауысты, жуан, қысаң, езулік с – дауыссыз, қатаң 5 әріп, 5 дыбыс **Арқа** *2 буын: ар - тұйық буын, қа - ашық буын.* а – дауысты, жуан, қысаң, езулік р – дауыссыз, үнді қ - дауыссыз, қатаң а – дауысты, жуан, ашық, езулік 4 әріп, 4 дыбыс **Үргеніш** *3 буын: үр - тұйық буын, ге - ашық буын, ніш - бітеу буын.* ү – дауысты, жіңішке, қысаң, еріндік р – дауыссыз, үнді г - дауыссыз, ұяң е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік н – дауыссыз, үнді і – дауысты, жіңішке, қысаң, езулік ш – дауыссыз, қатаң 7 әріп, 7 дыбыс 2. Берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз. *Жастарына, қарағанын, қуаныштың, сүзгіні, жасылырақ, жүргізуші, әкеме* **Жауабы:** **Жастарына** жас - түбір, зат есім -тар - көптік жалғауы -ы - тәуелдік жалғауының III жағы -на - барыс септігі **Қарағанын** қара - түбір, етістік -ған - есімшенің жұрнағы -ы - тәуелдік жалғауының III жағы -н - табыс септігі

		Қуаныштың қуан - түбір, етістік -ыш - етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ -тың - ілік септігінің жалғауы **Сүзгіні** сүз - түбір, етістік -гі - етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ -ні - табыс септігінің жалғауы **Жасылырақ** жасыл - түбір, сын есім -ырақ - салыстырмалы шырай жұрнағы **Жүргізуші** жүр - түбір, етістік -гіз - ырықсыз етіс жұрнағы -у - тұйық етістік жұрнағы -ші - зат есім тудырушы жұрнақ **Әкеме** әке - түбір, зат есім -м - тәуелдік жалғауының І жағы -е - барыс септігінің жалғауы 3. Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жаса (А. Сөздердің байланысу түрлері; Ә. Сөйлем түрлері; Б. Сөйлем мүшелері). *Бұған Алтын Орда мемлекетіндегі ғұламалардың араб жазуымен қалдырған еңбектері дәлел бола алады.* **Жауабы:** А) сөздердің байланысу түрлері мен формалары Алтын Орда мемлекетіндегі ғұламалар – **орын тәртібі арқылы, қабысу** араб жазуы, Алтын Орда мемлекеті – **ілік септігінің жасырын тұлғасы, жартылай матасу** *(дұрысы осылай, бірақ кейбір оқулықтар орын тәртібі, қабысу деп оқытады, қатеге санамау керек болар)* ғұламалардың араб жазуы, ғұламалардың еңбектері – **жалғау арқылы, матасу** жазуымен қалдырған, бұған дәлел бола алады – **жалғау арқылы, меңгеру** еңбектер дәлел бола алады – **жалғау арқылы, қиысу.** Ә) сөйлем түрлері Жай сөйлем, жайылма сөйлем, толымды сөйлем, жақты сөйлем. Б) сөйлем мүшелері Дәлел бола алады - баяндауыш Еңбектері - бастауыш Араб жазуымен қалдырған – анықтауыш Ғұламалардың - анықтауыш Алтын Орда мемлекетіндегі - анықтауыш

		Бұған - толықтауыш 4. Берілген сөздерді айтылуы бойынша жазып, көрші дыбыстардың үндесіп, ықпалдасып айтылу заңдылықтарын түсіндіріңіз: *көнбеді, Үкібала, араб таңбасы, түнгі, өнеге, құрылысшы, тоқ бала* **Жауабы:** *көмбеді(кейінді ықпал), Үкүбала(ерін үндестігі), арап таңбасы(кейінді ықпал), түңгі(кейінді ықпал), өнөгө (ерін үндестігі), құрұлұшшұ (кейінді ықпал, ерін үндестігі), тоқ пала (ілгерінді ықпал).*
	Айтылым (10 ұпай)	1,2,3 тоқсан тараулары (Қазақстанның келешегі, шешендік өнер, ғаламтор, ұлттық мәдениет, бейбітшілік, Қазақстанның қарулы күштері, экология) бойынша сөйлеу.